

Темір жол көлігі объектілеріне санитариялық ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 28 шілдедегі № 551 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6424 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, 145-бабының 1), 2), 3), 10), 16), 28) тармақшаларына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1 . М ы н а :

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Жолаушылар вагондарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Жолаушылар вагондарын жабдықтау пунктіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К. С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Темір жол бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 14 шілдедегі № 358 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3812 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 ж., 4 қараша, № 140-141 (765) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б.Н.Садықовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі Ж.Досқалиев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрі
А. Құсайынов

2010 жылғы 28 шілде

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 28 шілдедегі
№ 551 бұйрығымен бекітілген
1-қосымша

«Жолаушылар вагондарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жолаушылар вагондарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитариялық ереже) жолаушылар вагондарын жабдықтауға, сумен жабдықтауға, жылытуға, жарықтандыруға, объектілерді желдетуге, физикалық факторлар көздерімен жұмыс жағдайларына, жолаушылар вагондарын сапарға дайындауға, жол қатынасында жолаушылар вагондарын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылды:

- 1) жолаушы поезы - жолаушы вагондарынан жасақталған жолаушы, жүк, пошта тасымалдауға арналған поезд;
- 2) аялдама пункті - тек жолаушыларды ғана отырғызу мен түсіруге арналған пункт.

2. Вагондарды жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Тамбурдың сыртқы есіктері тиектермен және герметикалық нығыздармен жабдықталады. Есіктің екі жағына тұтқа қондырылады.

4. Қызмет бөлімінің есігінде және дәліздегі өту есіктерінде оларды ашық жағдайда ұстау бекіткішімен жабдықталады.

5. Жолаушылар вагондарының терезелері екі қабатты қауіпсіз әйнекпен жабдықталады.

6. Вагондардың терезелері 1/3 биіктігінде ашылуы, кез-келген деңгейде бекітілуі қарастырылады. Терезелерде күн өткізбейтін перделер мен оларды бекітуге арналған құрылғы, сондай-ақ перделер қондырылады.

7. Өту жолының алаңшаларында тұтқалар, жарамды кезекші жарықтар, сондай-ақ қайта жеткізілетін және жобаланатын вагондарда апаттық жарықтар қарастырылады.

8. Вагонның қызметтік емес кіші дәлізінің соңында стандартты типтегі алмалы-салмалы қоқыс салғыш жабдықталады.

9. Вагон әжетханаларында су ағып кетуіне арналған еденнің тесігі тығынмен жабылады. Жиналған суға арналған құбыр желілері вагонасты жабдықтарынан алшақ орналасады, жылу окшауландырғышпен, ал қайта жеткізілетін және жобаланатын вагондарда жылыту құрылғыларымен жабдықталады.

10. Әжетханадағы унитаз пластмасса қақпақты орындықпен және оны көтеруге арналған тұтқамен жабдықталады; дәретхана қағазына арналған ұстағыш, дезинфекциялау құралы бар сыйымдылық және жуғыш щеткасы қарастырылады.

11. Дәретханадағы қол жуғыш ыстық және салқын сумен, сұйық сабын құтысымен, жуыну қажеттіліктеріне арналған қабырғалы сөрелермен, айнамен жабдықталады. Су бөлетін крандардың үстіне «Ішуге жармайтын су» деген жазу болмаса таңба көрсетіледі. Қол жуғыштың жанына бір рет қолданылатын сүлгілерге арналған сүлгі ұстағыш немесе электрлі сүлгі, бір рет қолданылатын пайдаланылған қағаз сүлгілеріне арналған сыйымдылық ыдыс орнал астырылады.

12. Қызметтік үй-жайларда:

1) ыдыстарға, сусындарға және шай саудасына арналған шкафтар және арнайы киімге арналған қуыстар;

2) ыстық және салқын су келіп тұратын қолжуғыш;

3) қайнатылған және салқындатылған қайнаған суды дайындауға арналған бөлек құрылғылар;

4) жолсерікке арналған диван, терезе алды үстелі, дыбыс реттейтін қатты дыбыстағыш, вагон ішінің температурасын көрсететін термометр көзделеді.

13. Вагонның барлық санитариялық-техникалық және тұрмыстық жабдықтары жарамды жағдайда болуы тиіс.

14. Әр вагонға санитариялық паспорт беріледі. «Жатын вагон» түріндегі

вагондарды жайлылық және сервис деңгейін жоғарылатуды қарастыратын қосымша құрылғылармен жабдықтауға жол беріледі.

3. Сумен жабдықтауға, жылытуға, жарықтандыруға және желдетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

15. Суға арналған резервуарлар, тарататын құбыр желілері және су құбырының крандары Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалады. Сумен жабдықтау жүйесінің құрылымы судың ластануын болдырмауды және тарату құбыр желілерінен және резервуарлардан судың толық төгілуін және тазалау, жуу, дезинфекциялауды қамтамасыз етуі қарастырылады.

16. Резервуарлар су деңгейінің көрсеткішімен, ал қайта жобаланып жатқан вагондарда - судың таусылғанын білдіретін сигналды құрылғымен жабдықталады.

17. Резервуарларда, сумен жабдықтаудың құбыр желілері жүйесінде жылу оқшауландырғыш болуы тиіс.

18. Вагонның сумен жабдықтау жүйесінің су құятын құбыр ұшының басы ластанудан қорғалуы қарастырылады.

19. Вагон резервуарларындағы және су бөлетін крандарындағы су органолептикалық, микробиологиялық және химиялық нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

20. Вагонның сумен жабдықтау жүйесін дезинфекциялау Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген құралдарды қолдана отырып, деполық және күрделі жөндеуден кейін вагондарды мерзімдік техникалық тексеру кезінде жүргізіледі.

21. Жолаушылар вагондарындағы жылу жүйесі үй-жайларда бірқалыпты жылуды қамтамасыз етеді.

22. Жылыту құралдары бетінің температурасы Цельсий бойынша плюс 80 градустан (бұдан әрі - $^{\circ}\text{C}$), электрлі қыздырғыштар үшін - плюс 200°C -тан жоғары болмауы тиіс. Жылыту құралдары қорғаныс бетінің температурасы плюс 60°C -тан аспауына жол берілмейді.

23. Жасанды жарық қарастырылады.

24. Жолаушылар вагонының жатын бөлмелерінде және қызметтік үй-жайларда еденнен 800 миллиметр (бұдан әрі - мм) деңгейде, диван арқалығынан 600 мм қашықтықта және үстелдің үсті кемінде 150 люкс жарықпен қамтамасыз етіледі.

25. Әр жатын орынның жергілікті жарығы қарастырылады. Жергілікті жарықтың шамшырағының вагон қабырғасынан 0,7 метр (бұдан әрі - м)

кашықтықта және диван бетінен 0,5 биіктікте жарық кемінде 40 люкс болады.

26. Үлкен дәліздерде еден деңгейіндегі жарық 50 люкс, шағын дәліздерде - 30 люкс, дәретханаларда - 50 люкс, тамбурларда және өту алаңдарында - 30 люкс
б о л а д ы .

27. Барлық вагондарда апаттық жарық еден деңгейінде кемінде 1 люкс
ж а р ы қ т ы к ө з д е й д і .

28. Желдету жүйесі вагонның барлық жеріне жаз мезгілінде - сағатына 20 текше метрден (бұдан әрі - м /сағ) кем емес, қыста - 10 м /сағ кем емес сыртқы ауаны жіберуді қамтамасыз етуге арналған үздіксіз жұмысқа есептеледі.

29. Купе ауасындағы көміртегінің екі оксиді құрамы 0,1 пайыздан аспауына жол берілмейді. Жолаушылары бар орындағы ауа қозғалысының жылдамдығы қысқы мезгілде - секундына 0,2 метр (бұдан әрі - м/сек), ауа баптағыш жұмыс істеп тұрған жаз мезгілінде - 0,25 м/сек, ал ауа баптағышы жоқ вагондарда жаз мезгілінде - 0,4 м/сек ауа қозғалысының жылдамдығына жол беріледі.

30. Вагонға жіберілетін ауа сүзгі көмегімен тазартылады. Тазартылғаннан кейінгі жіберілген ауаның шаңдануы 0,5 миллиграмм текше метрден аспауына жол берілмейді. Желдеткіш сүзгілерін ауыстыру жазғы уақытта - 15 күнде бір рет , қысқы мезгілде - 25 күнде бір рет жүргізіледі.

31. Вагондарды салқындату жүйесі бірқалыпты салқындатуды қамтамасыз етеді. Салқындату кезінде вагонға жіберілетін сыртқы ауа плюс 16⁰С-тан төмен б о л у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

32. Желдеткіш камералары от жағу бөлімдерінен герметикалануы және оқшаулануы тиіс.

4. Физикалық факторлар көздерімен жұмыс жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

33. Жолаушылар мен жолсеріктер үшін купедегі шудың деңгейі 65 децибелден (бұдан әрі - дБа), кіреберісте - 68 дБа, вагонаралық өту жолдарында - 80 дБа аспауына жол берілмейді.

34. Жолаушылар вагондарының діріл деңгейі 8 Гц жиілікте нормалы қисығы 8 сағаттық эсер кезінде 0,11 м²/сек тең болуы көзделеді.

5. Жолаушылар вагондарын сапарға дайындауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

35. Жолаушылар поездарының құрастыру пункттерінде техникалық үрдіске сәйкес жолаушылар вагондарын дайындау мен пайдалану мыналарды енгізіп жү р г і з і л е д і :

- 1) вагондардың сыртын жинау;
- 2) вагондарды дезинфекциялық өңдеу;
- 3) ішкі және санитариялық-техникалық жабдықтарды жөндеу;
- 4) кезеңге сәйкес тежегіш желдеткіштерінің сүзгілерін ауыстыру;
- 5) вагондардың ішкі үй-жайларын жинау;
- 6) вагондарды алмалы-салмалы жабдық заттарымен, шай саудасымен ж а б д ы қ т а у ;
- 7) вагондарды ауыз сумен және отынмен толтыру;
- 8) төсек эбзелдерімен және төсек жиынымен қамтамасыз ету.

36. Жолаушылар вагондарының айналым пункттерінде жолаушылар вагондарын дайындау және жабдықтау мыналарды енгізіп жүргізіледі:

- 1) вагондардың сыртын жинау;
- 2) эжетханалар мен қоқыс жәшіктерін дезинфекциялық өңдеу;
- 3) ішкі жабдықтарды (тапсырыс бойынша) жөндеу;
- 4) вагондардың ішкі үй-жайларын жинау;
- 5) вагондарды ауыз сумен және отынмен толтыру.

37. Вагондардың сыртын жинауға жүріс бөліктері мен кузовтарды жуу, эйнектерді, өту алаңшаларын, түтқаларды жуу, басқышты тазалау жатқызылады.

38. Жолаушылар вагондарын дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген және тіркелген күралдармен жүргізіледі.

39. Жолаушылар вагондарын сапарға құрастыру және айналым пункттерінде:

- 1) эр жолаушы вагондарында эжетханаларды, қоқыс жәшіктерді д е з и н ф е к ц и я л ы қ ө н д е у ;
- 2) вагондарды дезинфекциялық өңдеу (жоспарлы және эпидемиологиялық к ө р с е т к і ш б о й ы н ш а) ;
- 3) вагондардың үй-жайларын дезинфекциялық өңдеу-эпидемиологиялық көрсеткіш және өтініш бойынша жүргізіледі.

40. Жоспардан тыс дезинфекциялау мен дезинсекциялау эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша жүргізіледі.

41. Алыс және жергілікті қатынастағы поездар үшін сапарға берілетін төсек жиынының саны сапардың ұзақтығына, жолаушылар ағынына байланысты, бір орынға төрт жиыннан кем емес есебімен анықталады. Төсек жиынына мыналар енеді: жайма, көрпе тыс, жабық түрдегі жастық тыс және сүлгі, олар кір жуу комбинатының мөр таңбасы бар, жиын салынған күні және жиын салушының нөмірі көрсетіліп арнайы белгімен пломбалаған немесе тігілген конвертке (немесе п а к е т к е) с а л ы н а д ы .

42. Төсек эбзелдерінің жиынына мыналар жатады: тысы бар матрац және жастық, (қысқы немесе жазғы) көрпе.

43. Матрацтар, жастықтар және қысқы көрпелер ластануына байланысты, шаңнан тазартылудан және камералық өңдеуден жылына кемінде екі рет өтеді.

Жазғы көрпелер ластануына байланысты, бірақ айына кемінде екі рет жуылады немесе химиялық тазартылудан өтеді. Матрацтардың және жастықтардың тыстары айына кемінде бір рет және ластануына байланысты ж у ы л а д ы .

Үстел үсті майлықтары, шымылдықтар мен күннен қорғайтын перделерді ауыстыру ластануына байланысты және эр сапардан кейін жүргізіледі.

44. Төсек жабдықтарын дезинфекциялық камералы өңдеу құрастыру п у н к т і н д е жү р г і з і л е д і .

45. Сапарға дайындық кезінде (айналым пункттерінде) вагонның санитариялық-тұрмыстық жабдықтарын және ішкі үй-жайларын жинау жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, арнайы киімде жүргізіледі.

46. Арнайы киім сәйкесті таңбалары бар екі халат жиынынан, резеңке қолғаптардан (салон мен дәретханаларды жинауға арналған бөлек) тұрады.

47. Жинау мүқаммалының құрамында үш шелек, швабра, сыпырғыштар, шүберектер, щеткалар, шаңсорғыш (еденнің кілем жамылғылары мен жұмсақ жиһаздары болған жағдайда) кіреді. Шелек және шүберектер «дәретханаға арналған», «еденге арналған», «сөрелерге арналған» деп таңбаланады. Жинау мүқаммалы вагон тамбурларының от жакпайтын жағында жәшікте сақталады. Жинау мүқаммалын арналмаған мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

48. Вагонға дезинфекциялық өңдеу жүргізілгеннен кейін ылғалды жинау ж ү р г і з і л е д і .

49. Сапарға жіберер алдында және жұмыс күнінің соңында бірнеше рет пайдаланылатын ыдыстар және асхана құралдары жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, жуу ваннасында ыстық судың астында жуылады. Ыдыстарды және асхана құралдары жуылғаннан кейін таза сүлгімен құрғағанша с ү р т і л е д і .

50. Құрастыру және жолаушылар вагондарының айналым пунктінде және жол бойында қоқыспен ластауға жол берілмейді. Вагоннан шыққан қоқыстар жабдықтау саябағының жоларалығында және жолаушылар поездары тоқтайтын жерде арнайы дайындалған орында қондырылған қоқыс жинағышына ш ы ғ а р ы л а д ы .

51. Тоқтау орындарында жолаушы поездарының дәретханаларын пайдалануға ж о л б е р і л м е й д і .

52. Сыртқы және ішкі өңдеуден өткен вагондар алмалы-салмалы құралдармен , сабынмен, дәретхана қағазымен жабдықталады. Құрамды сапарға жіберу алдында жабдықтау паркі эр вагонды жуу және дезинфекциялау құралдарымен қ а м т а м а с ы з е т е д і .

53. Қыста және жылдың ауыспалы мезгілінде сыртқы ауа плюс 10°C және одан төмен болған кезде вагондарға от жағылады. Құрамға жолаушыларды отырғызу алдында вагондардағы ауа температурасының деңгейі (қыста және жылдың ауыспалы мезгілінде) плюс 22°C ($\pm^{\circ}\text{C}$) ұстап тұрады. Жаз мезгілінде вагондардағы ауаның температурасы плюс 24°C ($\pm^{\circ}\text{C}$) артық емес рұқсат етіледі.

54. Сапарға жіберілетін вагондар:

1) алмалы-салмалы құралдармен және жабдықтармен;
2) медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаларымен, санитариялық зембілмен, аса қауіпті, карантиндік инфекциялық ауру анықталған жағдайға зертханалық жабдықпен қамтамасыз етіледі.

55. Мынадай жолаушылар вагондарын пайдалануға және жолаушы поездарының құрамына енгізуге жол берілмейді:

1) салқын және ыстық сумен жабдықтау жүйесі, жылу, желдеткіш, электр жарығы, тоңазытқыш қондырғысы, дәретханалардағы су ағызу механизмі жұмыс істемейтін;

2) үй-жайлары лас, эйнегі жоқ немесе сынған, салқын және жылдың ауыспалы мезгілінде терезелердің жақтаулары бекітілмеген болса, есіктері жарамсыз болса;

3) жәндіктер мен кеміргіштер анықталса.

56. Әрбір жолсерік медициналық қараудан, сондай-ақ гигиеналық оқудан өтеді.

57. Сапарға дайындалған жолаушы құрамы, отырғызуға дейін кемінде екі сағат бұрын көліктегі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының қатысуымен қабылданады.

6. Жол қатынасында жолаушылар вагондарын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

58. Жол қатынасында вагондар салонын ылғалды жинау қажеттілікке байланысты және тәулігіне екі реттен кем емес жүргізіледі. Дәретханалардың еденін жуумен жасалатын жинау дезинфекциялау құралдарын қолдану арқылы қажеттілік мөлшеріне байланысты және тәулігіне төрт реттен кем емес жүргізіледі. Кілем алашаларын шаңнан тазарту шаңсорғышпен тәулігіне екі реттен кем емес жүргізіледі.

59. Вагонды жинау арнайы киімде жүргізіледі.

60. Әр аялдама пунктінде жолаушылар шыққанға (отырғызуға) дейін ұстағыш тұтқалар шүберекпен сүртіледі.

61. Жол бойында дәретханаларды пайдалану режимі сақталады. Аялдамаларда, күрделі теміржол станцияларынан өту кезінде,

курорттық-санаториялық және қаламаңындық аумақтарда, тоннельдерде, көпірлерде дәретхананы пайдалануға жол берілмейді. Жолаушылар поездының әр вагондарында поезд өтетін барлық темір жол бойынша санитариялық аймақ шекарасы туралы ақпарат қарастырылады.

62. Жолаушылар төсек әбзелдерімен және төсек жаймаларымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, төсек тиістіліктерін төсек жаймаларынсыз пайдалануға, сондай-ақ жеке төсек жаймасын пайдалануға жол берілмейді.

63. Таза төсек жаймалары қызметтік купенің қуысында немесе бөлек орындарда, пайдаланылған төсек жаймалары салынған қапшықтар дәліздің трюмінде сақталады. Таза және пайдаланылған төсек жаймаларын бірге сақтауға жол берілмейді. Жолаушы баратын станцияға отыз минут қалғанда жолсерік пайдаланған төсек жаймаларын жинап алады.

64. Айналым пункттерінде пайдаланған төсек жаймалары салынған қапшықтар пломбаланады.

65. Таза ыдыстарды және шай саудасының өнімдерін сақтауға арналған шкафта бөгде заттарды сақтауға жол берілмейді.

66. Қоқыс және қатты тұрмыстық қалдықтар құрастыру және айналым пункттерінде немесе станцияларда пайдаға асыруға өткізу үшін арнайы сыйымдылыққа (ыдысқа) жиналады.

67. Вагондарда сатылатын тағам азық-түліктеріне, сусындарға, олардың қауіпсіздігін растайтын құжаттары ұсынылады.

68. Кондитерлік өнімдер жолаушыларға зауыттың жинағымен беріледі. Шай, кофе, кондитерлік өнімдерді, ланч-бокстерді таратуды (алжапқыш, әр жолсерікте куртқа) жолсерік санитариялық киімде жүргізеді.

69. Вагондардағы тежегіш желдеткіші және қондырғылы ауа баптау желдеткіш жүйесі вагондағы ауа температурасына байланысты автоматты режимде үздіксіз жұмыс істейді. Желдеткіш іске қосылып тұрғанда вагонның жолаушы бөлігіндегі және дәретханадағы дефлекторлары ашық болады.

Желдеткіш жүйесі қолмен қосу кезінде (апаттық режим) кезеңмен қосылады.

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң		
Д е н с а у л ы қ	с а қ т а у	м и н и с т р і н і ң	
2 0 1 0	ж ы л ғ ы	2 8	ш і л д е д е г і
№	5 5 1	б ұ й р ы ғ ы м е н	б е к і т і л г е н
2-қосымша			

«Жолаушылар вагондарын жабдықтау пунктіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жолаушылар вагондарын жабдықтау пунктіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - санитариялық ереже) жолаушылар вагондарын жабдықтау пунктін жобалауға, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға, күтіп-ұстауға, қоқыстарды жинау және шығаруды ұйымдастыруға, отын қоймасына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) жолаушылар вагондарын жабдықтау пункті (бұдан әрі - жабдықтау пункті) - вагондарды сапарға дайындау және жабдықтауды жүзеге асыратын темір жолдың мамандандырылған учаскесі;

2) жабдықтау бригадалары - вагондарды жуу, оларды мұкамалмен жабдықтау және отынмен, сумен толтыру бойынша жұмысты жүзеге асыратын жабдықтау пунктінің жұмысшылары.

2. Жабдықтау пунктін жобалауға, құруға және реконструкциялауға, орналастыруға, ауланы күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Жабдықтау пунктін жобалау, құру және реконструкциялау, іргелес салынған және бөлек тұрған объектілерді орналастыру, пайдалануға беру «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 2 қарашадағы № 640 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5862 болып тіркелген) сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған кезде жол беріледі.

4. Санитариялық-қорғаныш аймағы өндірістің қуатына, қауіптілік сыныбына, атмосфераға шығарындыларда зиянды заттардың болуына байланысты белгіленеді, бірақ 50 метрден (бұдан әрі - м) кем емес кұрайды.

5. Жабдықтау пунктінің аумағы мен жоларалық абаттанылады жәнеасфальтталынады, жиналған су мен жауын суының ағып кетуі үшін еңісі қ а р а с т ы р ы л а д ы .

6. Аумак мынадай функциялық аймақтарға бөлінеді:

- 1) тазалау және сыртын жуу;
- 2) дезинфекциялық өңдеу;
- 3) ішкі жинау, жөндеу, тоқтау;
- 4) мұкамалмен жабдықтау, отынмен және сумен толтыру;
- 5) жылдың күзгі-қысқы мерзімінде жылыта отырып құрастырылған

жолаушылар құрамдарын және жекелеген вагондарды тоқтату.

7. Жолаушы вагондарын тоқтату, жөндеу және жабдықтау аймағында вагондардың аккумуляторлы батареяларын қуаттандыруды және тоқтаған кезде тоңазытқыш жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған электр қуаттандырғыш құрылғылар қарастырылады.

3. Сумен жабдықтауға, кәріздеуге және жарықтандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

8. Шаруашылық-ауыз су қажеттілігі үшін пайдаланылатын су органолептикалық, микробиологиялық және химиялық нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

9. Орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда сумен жабдықтау көзін таңдау, сумен жабдықтау көзінің және су жинау құрылысы көздерінің санитариялық-қорғаныш аймағын ұйымдастыру санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болғанда жүргізіледі.

10. Су құбыры жүйесі шаруашылық-ауыз су және өндірістік қажеттілік үшін жалпы және бөлек болуына жол беріледі. Сумен жабдықтаудың бөлек жүйелері кезінде судың бір жүйеден екінші жүйеге ауысуы болмауы тиіс.

11. Су құбыры желісі айналмалы жүйе түрі бойынша жоспарланады және бұл ретте ұстатқышпен (сөндіру және жөндеу жұмысын жүргізу үшін) қосылатын негізгі екі магистралдан кем болмауы қарастырылады. Тұйық желілерді құбырлардың диаметрі кемінде 100 миллиметр болғанда шаруашылық-ауыз су құбырларында орнатуға жол беріледі. Су құбырларын кәрізден жоғары тігінен құбыр қабырғалары араларының арақашықтығы кемінде 0,4 м етіп салынады.

12. Сумен жабдықтау жүйесін тексеру жазғы және қысқы мерзім алдында және қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

13. Су тарату колонкалары қабылдау паркінің жоларалығында бір бірінен 25 м қашықтықта орналастырылады.

14. Су тарату колонкаларында жиналған судың кәрізге ағуы үшін бетондалған еңіспен және қатып қалудан қорғайтын құрылғымен жабдықталады. Мұзды еріту қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

15. Су тарату колонкалары су толтыратын шлангілер басының ластануын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталады. Вагондарды сумен толтыру аяқталған соң, соңғы су толтыру шлангілері судан толық босатылады.

Су толтыру шлангілерінің басын жерге сүйретуге жол берілмейді.

16. Су тарату колонкаларындағы кәріздің бақылау құдықтарының дренаждары жарамды болуы тиіс.

17. Жабдықтау пунктінің кәрізі жер бетіндегі жауын-шашын суын,

жолаушылар құрамдарының сыртын жуғаннан және вагондардың ішін жинағаннан, қоқыс салғыштарды жуудан кейінгі шайынды суды қабылдауды қамтамасыз етеді.

18. Мамандандырылған автокөлік вагондарына (жабық түрдегі дәретхана жүйесі бар вагондарды тазалау үшін) кіретін жол немесе стационарлық тазалау құрылғысы орнатылуы қарастырылады. Орнатылған су тарату калонкалары бар жоларалықты осы мақсат үшін пайдалануға жол берілмейді.

19. Жабдықтау пунктiнiң объектiлерiнде табиғи және жасанды жарық қарастырылады.

20. Электрлі жарық арматурасы жарамды жағдайда болуы, ластануына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шаңнан тазартылуы тиіс.

21. Жабдықтау пунктінде кір жуу орны болған жағдайда коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

22. Төсек әбзелдерін, төсек қажеттіліктерін, алмалы-салмалы жұмсақ мүкәммалды сақтауға және беруге арналған қойма шағын механикаландыру құралдарымен қамтамасыз етіледі, стеллаждармен және сыртқа тарату желдеткішімен жабдыкталады.

23. Шай саудасының азық-түлігі арнайы бөлінген үй-жайда сақталады.

4. Вагондардың сыртын жуу жағдайына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

24. Жабдықтау пунктi вагон жуғыш машинасымен жабдыкталады. Вагон жуғыш машиналары тазалау аймағына кіретін жолда орналастырылады. Вагондарды жыл бойы жууды қамтамасыз ету үшін вагон жуу машиналары жылыту шымылдықтары және калориферлері бар (жылдың салқын мезгілінде вагондарды кептіру үшін) жабық үй-жайда орнатылады.

Вагон жуғыш машинада жұмыстың жабық циклі көзделеді. Жолаушылар құрамын жуу үшін қолданылатын айналым суы қайта қолданылар алдында мұнай қалдықтарынан, зиянды заттардан жергілікті тазалау құрылыстарында тазартылады және залалсыздандырылады.

25. Вагон жуғыш машиналар жоқ болған жағдайда жолаушылар вагондарының сыртын жууды арнайы бөлінген орында тағайындалған жабдықтау бригадасының жұмысшылары, техника қауіпсіздігін сақтағанда және арнайы киімде қолмен жууды жүргізеді.

5. Жабдықтау пунктiнен қоқыстарды жинауды және шығаруды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

26. Жолаушылар вагондарынан қоқысты шығару сыйымдылығы 0,5-0,7 текше метр (бұдан әрі - м) стандартты металл контейнерлермен жүргізілуі тиіс. Контейнерлердің саны әр жолаушы вагонының 0,3 м көлеміне қоқыстың жиналу есебімен анықталады; бір-бірінен 50 м қашықтықта үш жақты қоршалған, арнайы көлік үшін келіп тоқтау жолы бар арнайы алаңда орналасады. Контейнерлерде мықты жабылатын қақпақ жабдықталады және қоқыстан босатылған сайын ж у ы л а д ы .

27. Контейнерлерді электрмен қуаттандыру құрылғыларымен және су тарату колонкаларымен жабдықталған жоларалықтарда орналастыруға жол берілмейді.

28. Жабдықтау пунктiнен қоқысты шығару арнайы көлікте толуына қарай ж ү р г і з і л е д і .

29. Жабдықтау пунктiнiң аумағын және жоларалықты жинау күніне кемінде е к і р е т жү р г і з і л е д і .

30. Жабдықтау пунктіндегі үй-жайларға дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау, су құятын жүйелерді тазарту, жуу және залалсыздандыруды бекітілген кестеге сәйкес және эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша жүргізіледі.

6. Отын қоймасына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

31. Сапарға жөнелтілетін жолаушылар вагондарының отыны арнайы көлікте жеткізіледі, вагонға оралған түрде беріледі және жабдықтау бригадаларының жұмысшыларымен ж ә ш і к к е жиналады.

32. Отын қоймасының алаңы, кіретін жолдары қатты жабынымен қ а р а с т ы р ы л а д ы .

33. Объекті басшылары жұмыскерлердің «Міндетті медициналық тексеріп-қараулар өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осындай тексеріп-қарауларды өткізу ережесін және кезеңділігін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 709 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5898 болып тіркелген) сәйкес медициналық тексеріп-қараудан өтуін қамтамасыз етеді.

34. Әрбір жұмыскердің «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 768 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5895 болып тіркелген) сәйкес жеке медициналық кітапшасы болуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК